



27.08.2021 ж. № 1 пед. кеңес  
қаулысына сәйкес  
**БЕКІТЕМІН**  
„Ақкөгершін” бөбекжай  
балабақшасы МКҚК-ның  
менгерушісі: Г.В.Нарбек

# „Ақкөгершін” бөбекжай балабақшасы МКҚК-ның 2021-2022 оқу жылындағы өндірістік жоспары

Қаракүм елді мекені

## **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖОСПАРЛАУ ПРОЦЕСІН РЕТТЕЙТІН НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР**

### **Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті- құқықтық құжаттардың тізбесі**

Мектеп жасына дейінгі балаларға сапалы білім беру қызметін қамтамасыз етуде қажетті жағдайларды жасау мақсатында мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативті-құқықтық құжаттардың тізбесі:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

2. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 заңы.

3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Заңы.

4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі №306 Заңы.

5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы.

6. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы.

7. «Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы № 569 Жарлығы.

8. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 615 бұйрығы.

9. «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою», «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік қызмет стандарттары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 қаулысы.

10. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы.

11. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.

12. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

13. «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, жоғары оқу орындарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы № 122 бұйрығы.

14.«Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы.

15.«Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы.

16. Мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары, 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499ҚРҮҚ.

17. «Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, ҚР БҒМ 2013 жылғы 29 мамырдағы № 206 бұйрығы.

18.«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығы.

19. «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы.

20. Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесі, ҚР БҒМ 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығы.

# ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫҢ СТРУКТУРАЛЫҚ МОДЕЛІ

<b>I. Кіріспе бөлім</b>	<b>бет</b>
1.1. Кіріспе бөлім -----	1
1.2. 2020-2021 оқу жылында атқарылған жұмыстар есебі. -----	2-7
1.3. Жаңа 2021-2022 оқу жылына алынған жылдық мақсаттар мен міндеттер, тапсырмалар -----	8
<b>II. Кадрлармен жұмыс</b>	
2.1. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы-----	9-10
2.2. Біліктілікті арттыру.Педагогтардың санаты бойынша мәлімет-----	11-12
2.3. Кадрларді іріктеу, бекіту-----	13
2.4. Педагогикалық кеңестер-----	14-15
2.5. Өндірістік кеңестер-----	16
2.6. Меңгеруші жанындағы кеңес-----	17
<b>III. Әдістемелік жұмыс</b>	
3.1. Әдістемелік кабинеттің жұмысы -----	18
3.2. Семинарлар, тренингтер, консультациялық кеңестер беру, нұсқаулықтар беру жұмыстар -----	19
3.3. Жас мамандармен жұмыс -----	20
3.4. Аттестацияға дайындық және оның талаптары	
<b>IV. Балалармен жұмыс</b>	
4.1. Ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері -----	21-23
4.2. Ертеңгіліктер, көңілсергітулер, кештер-----	24
4.3. Байқаулар,көрмелер, сайыстар-----	25
<b>V. Оқу-тәрбие үдересіндегі бақылау мен басшылық</b>	
5.1 .Басқару мен бақылау-----	26-29
<b>VI .Ата -аналармен жұмыс</b>	
6.1. Топтық және жалпы ата-аналар жиналысының жоспары-----	30
<b>VII. Шаруашылық жұмыстары</b>	
7.1. Шаруашылық жұмысы _____	31
<b>Қосымшалар.</b>	
№1 Азаматтық қорғаныс бойынша өткізілетін іс-шаралар -----	33
№2 Сауықтыру және шынықтыру шараларының жоспары -----	34
№3 Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және нығайту..... —	35
№4 Жол-көлік жарақаттарын ескерту-----	36

## 1.1 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстар есебі.

Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының Ордабасы ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК-ны мына мекен-жайы бойынша орналасқан: « Қарақұм » елді мекені Б.Досымов көшесі №7 үй. тел: 872530 49120.Электронды почта: akgorzhin2018@mail.ru

### *Балабақшаның жұмыс тәртібі:*

- жұмыс уақыты: 08:00 - 18:30
- жұмыс аптасы – бес күндік;

### **Балабақша паспорты**

#### «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Пошталық индексі 160602

Жоба қуаттылығы 240

Оқыту тілі - қазақ тілі

Білім мекемесінің аттестациядан өткен жылы : 09.12- 11.12.2013 ж

Ғимарат түрі- 2-қабатты

Жалпы көлемі пайдалы-2225,4

Қолдануға берілген жылы - 1995 жыл

Құрылыс ауданы - 1346

Пайдалы алаңы – 1346

Күрделі жөндеуден өткен жылы -2013жыл

Балабақша мекемесі екі қабатты, онда балалардың ойын бөлмелері, жатын бөлмелері және меңгеруші, медициналық, әдіскер бөлмелері орналасқан, басқа да шаруашылық құрылыстар мекемеден бөлек жайда орналасқан. Балабақша 2005 жылы 2 топпен, яғни 50 баламен жұмыс жасаса, Ал, 2011 жылдың қараша айының 1-ші жұлдызынан «Балапан» бағдарламасы бойынша қосымша 4 топ ашылып, қазіргі таңда 8 – топпен , бала саны - 200 баланы құрап отыр.

Сонымен қатар асхана, кір жуатын бөлме, әкімшілік кабинеті, қойма бөлмелері бар. Балабақша аумағында балалардың ойнауына әр топқа арналған беседка , спорт алаңы, ойын алаңы, жазда шомылатын бассейн бар. Балабақша аумағы сәндік, жеміс ағаштарымен, гүлзарлармен, көгалдандырылған. Барлық алаңқайлар балаларға қажетті сәулет өнер туындыларымен және заттармен; құмсалғыш, өткеншек, сырғанақ, орындықтар, столдармен жабдықталған. Балалардың өз бетінше қимыл әрекеттері үшін спорттық құралдары; спорттық доптар, турник, кольцо т.б. қажетті заттар жеткілікті.

Асхана ғимарат ішінде орналасқан, екі бөлмеден тұрады. Бірінші бөлме тағамды тарататын бөлме, ал екінші бөлме тағамдарды дайындау бөлмесі, ол барлық қажетті технологиялық қондырғылармен жабдықталған: электр еттурағышы, электр плитасы, шаруашылық тоназытқышы бар. Азық- түлік, тағамдарды сақтау қоймасы да асхана жанында орналасқан, ол шаруашылық тоназытқышымен жабдықталған. Көкөністерді сақтау бөлмесі қарастырылған. Кір жуатын бөлме екі бөлмеден тұрады, ол да ғимарат ішінде орналасқан. Ол

автоматтандырылған кір жуатын машинамен, кір жаятын қондырғы, автоматтандырылған үтіктейтін машинамен жабдықталған.

Медициналық кабинет 2 бөлмеден тұрады; қабылдау, емдеу және бір орынды оқшаулау бөлмесінен. Медицина бөлмесіне қажетті құралдар: дәрі-дәрмектерді сақтау шкафы, құралдар, екі кварц лампы, медициналық қажетті инструменттер т.б.заттармен қамтамасыз етілген.

Барлық топ бөлмелері қатты, жұмсақ бұйымдармен, ыдыстармен, ойыншықтармен жабдықталған. Іс қағаздар қазақ тілінде өз деңгейінде жүргізіледі. Барлық қызметкерлермен еңбек келісім шарты құрылған және де ұжымдық келісім шарт келісіліп, бекітілген.

Балабақша өз жұмысында Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» Заңын, Еңбек кодексін, тағы да басқа нормативтік-құқықтық актілерді, білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алады.

Балабақшадағы оқу-тәрбие үрдісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Баланы оқыту, дамыту және тәрбиелеу бес білім бағыты: «Денсаулық», «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық», «Әлеумет» құзыреттілігі бойынша жүзеге асырылуда. Барлық салалар бір-бірімен үздіксіз байланыста болғандықтан, педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда оқу қызметінің кіріктірілген, «саяхат», театрландырылған, ойын-сауық, т.б. тиімді түрлерін қолданудамыз. Баланың дамуын тұрақты қадағалау, тиісті қорытындылар жасау, оның алға жылжуын болжамдауға мүмкіндік беретін индикатор жүйесі арқылы бастапқы, аралық, қорытынды мониторингтер жасалып тұрады. Топтарда белсенді ойын орталықтары қазіргі заманға сай ұйымдастырылған:

«Экология», «Ғылым орталығы», «Өнер», «Әдебиет орталықтары». Тәрбиешілер орталықтарды зерттеу іскерлігі бойынша материалдармен толықтырып, балаларды ынталандырып отырады.

Біздің тәрбиешілер жеке практикадағы тәжірибесін саналы жетілдіріп отырады, ал педагогикалық ұжым әрқайсының кәсіби шығармашылығын қолдайды. Олар үнемі өз білімін, қабілетін дамыту және жаңаны ойлап табу жолында жұмыс істейді. Әрбір педагог өткізілетін іс-шараларға әртістік қабілеттерін шындап, ізденімпаздылықпен, қызықты өтуіне жауапкершілікті дайындықпен келеді.

2020-2021 оқу жылы балабақша ұжымының бүкіл жұмысы жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді және оның негізгі міндеттемелерін орындауға бағытталды: Алға қойылған міндеттемелерді орындау үшін балабақшадағы жас ерекшелік топтардың тәрбиешілері әр баланың ойлау қабілетін, білік-білім дағдыларын дамыту үшін пәндік-дамытушы ортасын жасай білді. Барлық қызмет түрлері үшін қолайлы жағдай жасау бойынша педагогтар балалармен және олардың ата-аналарымен жоспарлы жұмыс жүргізіп, білім бағдарламасының орындалуына ықпалын тигізді.

## Балабақшада жас ерекшелігіне сай 8 топ жұмыс жасайды.

р/н	Топтың атауы	Жас ерекшелік кезеңі	Топтағы бала саны	Жалпы бала саны
1	«Ботақан» ерте жас тобы	1-2 жас	25	200 бала
2	«Балапан» кіші топ	2-3 жас	25	
3	«Күншуақ» кіші топ	2-3 жас	25	
4	«Балбөбек» ортаңғы топ	3-4 жас	25	
5	«Қызғалдақ» ортаңғы топ	3-4 жас	25	
6	«Бүлдіршін» ересектер тобы	4-5 жас	25	
7	«Болашақ» ересектер тобы	4-5 жас	25	
8	«Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобы	5-6 жас	25	

## II. Педагогикалық кадрлардың сандық және сапалық құрамы

### 2.1. Педагогикалық кадрлардың сапалық құрамы

« Ақкөгершін » бөбекжай балабақшасында 2021 - 2022 оқу жылында оқу- тәрбие жұмысын 29 педагог атқарады. 24 -жоғары , 4- арнаулы орта білімді. Педагог кадрлардың барлығы да штаттық жүктемемен жұмыс атқарады.

1. Меңгеруші-1
2. Әдіскер-1
3. Психолог-1
4. Саз жетекші-1
5. Би үйретуші -1
6. Орыс тілі мұғалімі - 1
7. Дене шынықтыру нұсқаушысы - 1
8. Логопед – дефектолог – 1
9. Тәрбиеші-21 ( Бала күтімі демалысында – 2 тәрбиеші)

#### Білім бойынша:

Жоғары білімді -23 педагог . ( Оның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу – 10)  
Орта арнаулы білімді- 6 педагог . (Оның ішінде мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу – 2 )

#### Біліктілік санаты бойынша :

Жоғары санатты педагогтар –3. Педагог- зерттеуші -3

Бірінші санатты педагогтар – 5

Екінші санатты педагогтар - 3. Педагог- модератор-3

Қатардағы педагогтар - 11

2021 -2022 оқу жылында педагогтар саны – 29 , жоғары санатты -3 ( 10 пайыз), педагог-модератор- (10 пайыз), бірінші санатты- 5 ( 17пайыз) , екінші санатты – 3( 10 пайыз ) , педагог-модератор-3 ( 10пайыз), қатардағы – 11 ( 37 пайыз)

2020 - 2021 оқу жылында жас мамандар саны 1 педагогты құрап отыр.

Балабақша әкімшілігі тарапынан тәрбиешілердің ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қатысып, талдау жасалған. 2020-2021 оқу жылында жас маман жұмыс атқарады. Жас мамандарға тәлімгерлер бекітілген.

Кадрлардың сапалық және сандық құрамы №1 кестеде көрсетілген.

Жас мамандар туралы мәлімет №2 кестеде көрсетілген

2020-2021 оқу жылында 2 тәрбиеші: ПШО- жаңартылған мазмұндағы біліктілік арттыру курсынан өтті. Тәрбиешілер Мыңжасар Ақбота, Жаппарова Жанар, Жас және тәжірибесі аз мамандарға Б. Алиева мен А. Абильдаеваға қажетті көмек көрсетілді: кеңес, тәлімгерлік, «Жас педагог» клубы және т.б.



## Кадрлармен жұмыс

### Педагогикалық кеңестер

Балабақшаның қызметі педагогикалық кеңесте қарастырылады. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысын талдау және жетілдіру мәселелерін, педагогикалық кадрлардың жалпы педагогикалық мәдениетіне, педагогикалық шеберлігіне және рухани өсуіне қатысты мәселелердің шешімін табамыз. Қарастырылатын мәселелер шеңбері әртүрлі, бірақ балаларды тәрбиелеу, оқыту және сауықтыру балабақшаның негізгі міндеті.

Балаларды тәрбиелеу және оқыту нормативтік-құқықтық құжаттарға және бекітілген жылдық жоспарға сәйкес іске асырылды. 2018-2019 оқу жылында 5 педагогикалық кеңес өткізілді. Педагогикалық кеңестердің тақырыптары жылдық міндеттерді көрсетеді.

**№1 Педагогикалық кеңес (сараптама) 28.08.2020ж. өткізілді:**

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы және қашықтан оқыту форматы бойынша оқу процесін жүргізу.

Түркістан облысының аумағында төтенше жағдай режиміне байланысты №5 педагогикалық кеңес отырысы онлайн режимінде өткізілді.

**№2 Педагогикалық кеңес (дөңгелек үстел) 20.11.2020ж. өткізілді:**

**Тақырыбы:** «Балалармен жұмыс атқаруда, ұлттық педагогиканы, рухани жаңғырту, адамгершілік құндылықтарын бала бойына қалыптастыру».

**№3 педагогикалық кеңес 11.01.2021ж ( Педагогикалық кеңес)**

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі балалардың бойына патриоттық құндылықтары қалыптастыру»

**№4 Педагогикалық кеңес 25.03.2021ж (кеңес)**

**Тақырыбы:**«Балаларды кешенді сауықтыру».

**№5 Педагогикалық кеңес 23.05.2021ж (дөңгелек үстел)**

**Тақырыбы:** «Педагогикалық ұжымның оқу жылындағы жұмысының нәтижелілігі»

Түркістан облысының аумағында төтенше жағдай режиміне байланысты №5 педагогикалық кеңес отырысы онлайн режимінде өткізілді.

## Өндірістік кеңестер

Жылдық жоспарға сәйкес 5(бес) өндірістік кеңес белгіленген уақытында өткізілді. Өндірістік кеңесте қаралған өзекті мәселелер: Балабақшадағы 2019-20 оқу жылының жұмыстағы ішкі еңбек тәртібін бекіту. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулық. Төтенше жағдай кезіндегі қызметкерлердің іс-әрекетін талдау. Жаңа оқу жылына дайындық қорытындысы. Топтың санитарлық-гигиеналық жағдайы.

Бөбекжай балабақша қызметкерлерінің «Ішкі еңбек тәртібі ережелерін» және лауазымдық нұсқаулардың орындалуы жөнінде. Балабақшаның қысқы жылыту маусымына дайындығы туралы. Балалар ауруын, балалардың балабақшаға, қатысуын талдау. «Қызметкердің жұмыс күніне дайындығы» бойынша жедел бақылау қорытындысы. Ұжымдағы моральдік-психологиялық ахуал жөнінде. Балабақшадағы антропометриялық көрсеткіштері жайында медбикенің есебі.

## Меңгеруші жанындағы кеңестер

Оқу жылына жоспарланған 4(төрт) меңгеруші қарамағындағы жиналыстар уақтылы өткізілді. Ондағы қарастырылған мәселелер: Педагогикалық кадрларды аттестаттау туралы. 2020-2021 оқу жылында санатты иеленуге өтініштер тапсыру. «Алтын күз», «Тұңғыш президент күнін мерекелеу», «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл», «8- Наурыз», «22 Наурыз», ертеңгілік сценарийлері бекітілді. Ата-аналардың әлеуметтік мониторингі топ бойынша жүргізіліп 2020-2021 оқу жылына ата-аналардың әлеуметтік паспорты құрастырылды. «Балалар тамағын ұйымдастыру, тамақ нормасын дұрыс орындалуы» бойынша сараптама жүргізіліп, қорытынды шығарылды. Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нұсқаулықтар жүргізілді. Қысқы демалыс кезіндегі жұмыс жоспары түзіліп бекітілді. 2020-2021 жылдың балалар ауруына, балабақша қызметкерлерінің медициналық тексеруден өту жөнінде сараптама жүргізілді Сейсможаттығулардың қорытындысы . Балалардың құзыреттілігі, бастапқы, аралық және қорытынды мониторинг қорытындылары.

Оқу жылының бірінші жарты жылында карантин режиміне байланысты бірінші кеңестер онлайн өткізілді.

## Әдістемелік жұмыс

Балабақшаның жұмыс жүйесінде әдістемелік жұмыс ерекше орын алады. Мектепке дейінгі білім мазмұнының жаңартылуы педагогтың бастамасына, шығармашылығына және әдістемелік іс-шараларға қатынасуына тікелей байланысты. Әдістемелік жұмыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Педагогикалық кеңеске, семинарларға, кеңес беруге баяндамаларды дайындау педагогтардың кәсіби құзыреттілігін арттыруына ықпалын тигізді. Балабақшаның бүкіл қызметі мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ең биік нәтижеге жеткізуіне бағытталған. Бес «Дене тәрбиесі» «Экологиялық тәрбие» «Азаматтық -патриоттық тәрбие» бағыттарында ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері жоспар бойынша өткізілді. «Білім салалары» «Рухани адамгершілік-ұлттық тәрбие» бағыттағы жоспарланған ашық оқу қызметтері карантинге байланысты өткізілмеді. Бес білім саласы кіріктірілген кешенді оқу қызметтерінің перспективалық жоспарлары өз уақытында оқу жүктемесі, үлгілік оқу бағдарламасы талаптарына сай .

## Бақылау және басқару

Жоспарлы және жүйелі зерттеу, талдау және бақылау әрбір тәрбиеші жұмысының жағымды жақтарын көрсетеді және де кемшіліктерін анықтауға көмектеседі. Педагог жұмыс барысында өзін-өзі талдай алса, өз-өзіне бақылау жасаса және өзін-өзі бағалай білсе алдағы жұмысы онтайлы нәтижелер беретіні анық.

Балабақшадағы оқу-тәрбие процесінің жағдайын бақылау мақсатында оқу жылы барысында келесі бақылаулар өткізілді. Бақылау және басқару оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарын бақылауды іске асыру кестесі арқылы жүзеге асырылып отырды. Шолу, ескерту, жедел, тақырыптық, салыстырмалы тексеру әдістерімен жүзеге асырылды. Балалар өмірі мен денсаулығын сақтау; күн тәртібінің орындалуы; балалар тамақтануын ұйымдастыру; ертенгілік жаттығу; шынықтыру шаралары; ішкі еңбек тәртібі ережелерін сақтау; ас блогі, топтың тазалық жағдайы үнемі бақылауда болды. Бақылау нәтижесіндегі кемшіліктер ескеріліп, балабақша қызметкерлеріне бағыт-бағдар беріліп тұрды.

### **3. «Қатынас», «Әлеумет», «Шығармашылық» білім беру салалары.**

Ата-аналармен тығыз байланыс орната отырып, балаларды театр қызметіне енгізу жолымен олардың сезімдік-эмоционалдық саласын байыту, әлеуметтік және коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін дамыту және іске асыруға жағдай жасау.

Алға қойылған міндеттемелерді орындау үшін балабақшадағы жасерекшелік топтардың тәрбиешілері әр баланың ойлау қабілетін, білік білім дағдыларын дамыту үшін пәндік-дамытушы ортасын жасай білді. Барлық қызмет түрлері үшін қолайлы жағдай жасау бойынша педагогтар балалармен және олардың ата-аналарымен жоспарлы жұмыс жүргізіп білім бағдарламасының орындалуына ықпалын тигізді. Балабақшаның педагогтары мен мамандары балалардың көркем-эстетикалық тәрбиесін, белсенді қимылын, ойын қызметін, тілін дамытуға ат салысты.

Негізі болып бөбекжай-балабақшаның ұжымы өзі табылады

### 1.3. Жаңа 2021-2022 оқу жылына алынған жылдық мақсаттар мен міндеттер, тапсырмалар.

#### Мақсаттары:

«Денсаулық» білім саласында - денсаулығы мықты, дене бітімі дамыған баланы тәрбиелеу, тәрбиеленушілердің бойында өз денсаулығына саналы түрде қарауды қалыптастыру.

«Қатынас» білім саласында – балалардың ауыз екі сөйлеуін, өмірде түрлі жағдайлардағы қарым- қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру.

«Таным» білім саласында – баланың жеке тұлғасын қоршаған әлеммен өзара іс-әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту.

«Шығармашылық» білім саласында- шығармашылық қабілеттерді , сезімдік-эмоционалдық саланы , қиялды, ойлауды, көркем талғамды дамыту.

«Әлеумет» білім саласында- балаларды мәдени – әлеуметтік нормаларға, отбасы мен қоғам дәстүрлеріне баулу.

#### Міндеттері:

- «Денсаулық» білім саласында- таза ауада қимылды ойындарды қолдану арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.
- «Қатынас» білім саласында – Отандық «Әуенді кесте», «Көңілді серуен» құралдарын пайдалана отырып ауыз екі және байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту.
- «Таным» білім саласында – барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабілеттерін дамыту.
- «Шығармашылық» білім саласында- балалардың еркін түрде шығармашылық іс – әрекеттерін дамыту, эстетикалық талғамын шындау.
- «Әлеумет» білім саласында- қоғамда өзін- өзі ұстай білудің адамгершілік нормаларын сондай- ақ Қазақстан біздің ортақ үйіміз екені туралы түсініктерін кеңейту

### 2.3 Кадрларды іріктеу, бекіту Пән мұғалімдері

1	Саз жетекшісі	Қынат Сейілқас
2	Би үйретуші	Жайдарбек Эльмира
3	Педагог-психолог	Туреева Мреруерт
4	Логопед- дефектолог	Оразбаева Динара
5	Дене шынықтыру нұсқаушысы	Әбен Бағила
6	Орыс тілі маманы	Досымбетова Салтанат

№	Топтар атауы	Аты- жөні	қызметі
1	«Ботакан» ерте жас топ	Абильдаева Айгерім Сағатова Салтанат Сейдімбетова Лаззат	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
2	«Балапан» кіші топ	Қалтай Күлжамал Әсіл Айгүл Әбляз Гүлмира	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
3	«Күншуақ» кіші топ	Сейдуалиева Назира Сүйіндікова Гүлнара Оралбек Жұмакүл	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
4	«Қызғалдақ» ортаңғы топ	Бектұрған Атипа Биомарова Жазира Қалмұрат Әлия	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
5	«Балбөбек» ортаңғы топ	Жасек Пернекүл Жайдарбекова Балжан Жузеева Гүлнұр	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
6	«Бүлдіршін» ересектер тобы	Сайдвалиева Гүлзира Төлтебай Раушан Стаева Оразкүл	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
7	«Болашақ» ересектер тобы	Нарбек Ұлжан Мыңжасар Ақбота Мауленова Гүлбану	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі
8	«Қарлығаш» мектеп алды даярлық тобы	Жаппарова Жанар Нысанбай Эльмира Орынбай Бағила	Тәрбиеші Тәрбиеші Тәрбие көмекшісі

## 2.4.Педагогикалық кеңестер.

**Мақсаты:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға бірдей міндетті білім беру стандартына сәйкес педагогтарға педагогикалық білім, талдау және зерттеу дағдысын, бала дамуының психологиялық –педагогикалық қолдауды ұйымдастыра білуге, кәсіби құзыреттілікті меңгеруге көмек беру.

**Міндеті:** педагогтар қызметінің өзектілігі, педагогикалық кеңес шешімдерін орындаудағы педагог қызметкерлердің белсенділігі.

### Педагогикалық кеңес № 1 (сараптама)

№	Тақырыбы: «Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы». Мақсаты: Жаңа оқу жылында мектепке дейінгі мекеменің тиімді, жоспарлы әрекетін қамтамасыз ету.	Мерзімі	Жауапты
1	<p>Жазғы сауықтыру кезеңіне талдау жұмысы</p> <p>2021– 2022 оқу жылына МДҰ жылдық оқу-тәрбие жұмысымен таныстыру және бекіту.</p> <p>ҚРБЖҒМ үлгілік оқу бағдарламасы №499 бұйрығының мақсат міндеттерін талқылау</p> <p>Әр топтың 2021-2022 оқу жылына арналған жылдық оқу жоспарымен, топтардың жасына қарай ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесімен, күн тәртібімен таныстыру және бекіту</p> <p>Вариативтік оқу қызметтерін талдау, бекіту</p>	Тамыз 27.08.2021ж	<p>Меңгеруші, әдіскер Ажибаева Н</p> <p>Меңгеруші</p> <p>әдіскер</p>

### Педагогикалық кеңес № 2 (дөңгелек үстел)

№	Тақырыбы: «Ойын технологиясы арқылы мектепке дейінгі балалардың сөйлеу құзыреттілігін байыту» «Мектепке дейінгі ересек жастағы балаларда диалогтық сөйлеуді дамыту».  Баяндама «Ерте және кіші жастағы балалардың сөйлеу дамуын ынталандыру»  «Балалардың тілдік дамуына ықпал ететін топтарда жағдай жасау» атты байқау-конкурсының қорытындысы.	15.11. 2021ж	Жауапты  Әдіскер  Қалтай Күлжамал  Топ тәрбиешілері

**Педагогикалық кеңес № 3 (дөңгелек үстел)**

№	Тақырыбы: «Денсаулық сақтау арқылы МДҰ-да білім беру үдерісі жүйесінде СӨС жағдайын жасау»	мерзімі	Жауапты
1	<p>Баяндама «Мектепке дейінгі жастағы балалардың СӨС әдетін қалыптастыру». (тамақтану ережелері, дене жаттығуларының тыныс алу мүшелеріне әсері, ұйқының гигиеналық мәні)</p> <p>«Мектепке дейінгі жастағы балалармен күн тәртібінде сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру»</p> <p>Анықтама «МДҰ-да дәстүрлі және инновациялық денсаулық сақтау технологияларын пайдалану».</p>	17.01.2022ж	<p>Әдіскер</p> <p>Медбике</p> <p>Дене шынықтыру нұсқаушысы Б.Әбен</p>

**Педагогикалық кеңес № 4 ( кеңес)**

№	Тақырыбы: «Балабақшада қолдануға тиімді технологиялар»	мерзімі	Жауапты
1	<p>Баяндама- «Балалардың креативті ойлауын қалыптастыру»</p> <p><b>Шебер сынып:</b> «Ойын арқылы балалардың ой-өрісін дамыту»</p> <p>Аралық мониторинг қорытындысы .</p> <p>-«Көркем шығармаларды балалардың бойында адамгершілік және отансүйгіштік қасиетін дамытуда, пайдалану жолдары» тақырыбындағы тақырыпты тексеру қорытындысы</p> <p>Ашық оқу қызметін, ашық есік күндерін, ертеңгіліктерді, байқауларды қарау</p>	17.03.2022ж	<p>Әдіскер</p> <p>Топ тәрбиешілері Әдіскер</p> <p>Меңгеруші</p>

**Педагогикалық кеңес № 5 (дөңгелек үстел)**

№	Тақырыбы: «Оқу жылындағы балабақшада атқарылған жұмыстардың нәтижесін талдау». <b>Мақсаты:</b> Педагогикалық ұжыммен жылдық міндеттерді тиімді орындалуын және нәтижесінің шешімін анықтау.	мерзімі	Жауапты
1	<p>Оқу жылында орындалған жұмысы туралы тәрбиешілердің есебі.</p> <p>2020– 2021 оқу жылының қорытындысы бойынша анықтама.</p> <p>Жазғы кезеңдегі жұмыс жоспарымен таныстыру және бекіту</p>	23.05.2022ж	<p>Әдіскер</p> <p>Медбике</p> <p>Әдіскер</p>



## 2.5. Өндірістік жиналыс.

**Міндеті: мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне лайық базалық тәрбиемен оқыту сапасын қамтамасыз ету**

№	Тақырыбы	Өткізілу түрі	Мерзімі	Жауаптылар
1	- Жазғы-сауықтыру кезіндегі өткізілген іс-шаралар қорытындысы.	Таныстыру , талқылау	қыркүйек 2021ж	Медбике Кемелбекова Е
2	2021-2022 оқу жылының жылдық жоспармен таныстыру, бекіту			Әдіскер Ажибаева Н
3	- Еңбек тәртібі. Шаруашылықтың барлық буындарының жаңа оқу жылына толық даярлығы.			ш/меңгерушісі Жайдарбеков Ж
4	-Байқаудың қорытындысы – «Жаңа оқу жылына үздік дайындық»			әдіскер Ажибаева Н
5	-Өрт қауіпсіздігі мен адам өмірін қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру.			ш/меңгерушісі Жайдарбеков Ж
6.	-Балабақша мамандарымен қауіпсіздік шараларының нұсқауымен таныстыру. -Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.			әдіскер Ажибаева Н
1	-Балабақша ішкі еңбек тәртібінің нұсқауларымен таныстыру.	жиналыс	желтоқсан 2021ж	Әдіскер Ажибаева Н
2	-Балалар өмірін және денсаулығын қорғау бойынша нұсқауды орындау			Тәрбиешілер
3	I-ші жартыжылдықтағы тамақтану және науқастық анализі			медбике Кемелбек Е
	-Ішкі еңбек тәртібін , ішкі күн тәртібін орындау			Дәмбике Қамбарбекова Р
4	-Кәсіподақ төрағасының 2021 жылға арналған есеп берулері			Кәсіподақ ком. төрағасы К.Қалтай

1	- Жазғы маусымдық-сауықтыру кезеңін өткізу іс-шараларын талдау, бекіту	Қорытынды	мамыр 2022ж	Меңгеруші Нарбек Ұ
2	-Жаз кезіндегі азық-түліктердің сапасы мен алуан түрлілігі және бала тамағын дәрумендендіру.			Тәрбиешілер Медбике Дәмбике
3	Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтардың орындалуы туралы есеп берулер.			ш/меңгерушісі Жайдарбек Ж
4	-Балалардың науқастығы туралы есеп беру			Медбике Кемелбекова Е

## 2.6. Меңгеруші жанындағы кеңес

Міндеті: Педагогикалық іс-әрекеттің мотивациялық – оятушылық қызметін қалыптастыру

к/с	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
<b>№1</b>				
1	Мектепке дейінгі жастағы балаларға танымдық құзіреттілігін меңгерту	қазан 2021	әдіскер Ажибаева Н	
2	Күн тәртібіндегі сауықтыру шараларын талдау		медбике Кемелбекова Е	
3	Ертенгіліктер сценариларын бекіту.		меңгеруші Нарбек Г	
4	Ата-аналар бұрыштарын және топтарға арналған бұрыштарды жанарту.		Топ тәрбиешілері	
<b>№2</b>				
1	«Көркем әдебиет арқылы Отансүйгіштікке тәрбиелеу»	желтоқсан 2021ж	Тәрбиеші Әсіл А	
2	Жаңа бағдарламаларды іске асыру бойынша педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесін анықтау.		Әдіскер Ажибаева Н	
3	Педагогтарды әріптестерінің инновациялық қызметімен таныстыру. Көрнекі-дидактикалық материалдарды осы программалар бойынша жүйелендіру.		топ тәрбиешілері	
4	Балалардың біліктілік деңгейлерінің мониторингін талдау /барлық топтар/			

<b>№3</b>				
1	5-6 жасар балалардың ойын арқылы сөйлеу және сыни тұрғыдан ойлау техникасы бойынша құзіреттілікті меңгертуі	ақпан 2022ж	Тәрбиеші Жаппарова Ж	
2	«8 Наурыз» және «Жыл басы «Наурыз» ертеңгіліктердің өту сапасын талқылау.		Әдіскер Ажибаева Н балабақша педагогтары	
3	«Шығармашылық» және «Қатынас» білім салаларын интеграциялау (кіріктіру) жайлы ақпарат.		кіші топ тәрбиешілері	
4	Тамақтандыруды ұйымдастыру сапасын талқылау		Дәмбике Қамбарбекова Р	
5	Мектеп жасына дейінгі балалармен дене шынықтыру -сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру.		Ден шынықтыру нұсқаушысы Б.Әбен	
<b>№4</b>				
1	Мектепке дейінгі сәбилерді қоршаған ортамен таныстыруда дәстүрлі әдістер бөлшектерінің инновациялық тұрғыда келуі және оларды жинақтау , калыптастыру.	сәуір 2022ж	Тәрбиешілер	
2	«Қатынас» білім саласы бойынша (Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) балалардың жұмысын бағалау		Әдіскер Ажибаева Н	
3	Күн тәртібінің орындалуы мен топтардың санитарлық-гигиеналық жағдайы		Медбике Қамбарбекова Р	

**III. Әдістемелік жұмыс**  
**3.1. Әдістемелік кабинеттің жұмысы**

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі
1	Балабақшаның күн тәртібі мен оқу қызметтер кестесін құру.	Қыркүйек 2021ж
2	Ұйымдастырылатын байқаулар мен көрмелердің ережелерін дайындау	Қажет кезінде
3	Семинар бағдарламаларын әзірлеу	Дер кезінде
4	Мектеппен байланыс жұмысының жоспарын құру.	Мерзімінде
5	Педкадрларды аттестаттау құжаттарын дайындау, зерделеу, ұйымдастыру.	Қазан 2021ж
6	Тәрбиешілерге арналған көрме жарнамалар материалдарын дайындау	Әр тоқсанда

### 3.2. Құқықтық тәрбие жұмыстары

**Мақсаты:** білім беру процесінің барлық субъектілерінің өзара педагогикалық әрекеттесуінің жаңа формаларын іздеу. Отбасындағы кемшіліктер профилактикасы. Балаларды өз құқықтарымен, ата-аналар мен педагогтарды балалар құқықтарын сақтау бойынша міндеттерімен таныстыру.

№	Жұмыстың түрі	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	<p><b>Балабақша қызметкерлермен</b></p> <p>Семинар:</p> <p>Дөңгелек үстел</p> <p>сауалнама</p>	<p>«ҚР мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттар»</p> <p>Құқық дегеніміз не?</p> <p>Мемлекеттік органдар және баланың құқықтарын қорғау</p> <p>«Балалар құқығы туралы Заңды сақтау» тақырыбы бойынша педагогтар арасында сауалнама жүргізу</p>	<p>қыркүйек</p> <p>желтоқсан</p> <p>наурыз</p> <p>сәуір</p>	<p>Меңгеруші</p>
